

Бекітемін:
«Құралай аңы» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: А.А.Таженова



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
2025-2026 оқу жылы.

№	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу түрі	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №1 отырысы: -төрайым мен хатшыны таңдау; -Кеңіс мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020жылғы №190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндіру; -Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу; -Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ережесін бекіту; -жұмыс жоспарын бекіту; -педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті; -Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Қыркүйек айы	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: А.Таженова Әдіскер: Ж.Бердалиева
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы: Күн тәртібінде: 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.	Қараша айы	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: А.Таженова Әдіскер: Ж.Бердалиева
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы: Күн тәртібінде: 1. Педагог құқығы. 2. Педагогтың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары. 3. МДҰ-ғы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Қаңтар айы	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: А.Таженова Әдіскер: Ж.Бердалиева
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы: Күн тәртібінде: 1. «Педагог бейнесі». 2. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары. 3. Педагогтың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Мамыр айы	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: А.Таженова Әдіскер: Ж.Бердалиева

«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 1 ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: қыркүйек 2025жыл

Меңгеруші: А.Таженова

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
Кеңес төрайымы: А.Таженова
2. Тәрбиешінің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
Кеңес мүшесі: әдіскер: Ж.Бердалиева
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.
Кеңес мүшесі: К.Бердалиева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Баянова сөз алды.

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес бұл білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы оргон болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзгеде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері:

-Білім берку ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету;
- педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау;
-педагогтардың тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен күзіретті мемлекеттік оргондарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы:егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады. Кеңес қажеттілігіне қарай, немесе тоқсанына

кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады:

-білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну;

-тәртіптік істі тоқтату;

2. Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі әдіскер Ж.Бердалиева сөз алды.

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса ол-ұстаз. «Шәкіртің жақсы болмағы-ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі болуы тиіс. Себебі, балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қоңыр түстерді де қолдануға болады.

Педагогтің шаш үлгісінде өзіне жарасымды, ұқыптылықты айтып тұратындай болуының өзі мәдениет, тазалық. Педагог даусының үні мейірімділікке толы болуы, балаларды жылы сөзімен, мейірімді жүзімен жылулық сыйлауы оның өзі де бала бойына жақсы көркем мінез-құлық қалыптастырудың өзі үлкен рөл атқарады. Осы нәрселерді үнемі үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Балабақша ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шыпай танытуға міндеттіміз деп сөзін аяқтады.

3. Үшінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші К.Бердалиева сөз алды.

Ұстаз ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Ата-аналарчаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы-педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика-ұжым ішінде, педагогтар арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие- жан-жақты және үйлесімді дамығн адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы: педагог этикасы

мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Қаулы:

1. Педагогтардың өз әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыру.
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. Педагогтармен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Төрайымы:



А.Таженова

Хатшысы :



С.Турусова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: қараша 2025жыл

Балабақша меңгерушісі: А.Таженова

Күн тәртібінде.

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
Кеңес төрайымы: А.Таженова
2. Тәрбиешінің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
Кеңес мүшесі: әдіскер: Ж.Бердалиева
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.
Кеңес мүшесі: К.Даулетбаева

Барысы:

Бірінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі: балабақша меңгерушісі: А.Таженова
Ұстаз-мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялауы тиіс деп ойлаймын. Көшілік алдында шыққанда ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Себебі біздің мамандық әрқашанда тәртіп пен жауапкершілікті ұстанатын мамандық. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде көріп жүргеніміздей, бейәдеп суреттермен жүрген мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып болып табылатын балалардың, ата-ананың, адамдардың абыройымен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі.

Ұстаз баланың дамуы мен тұлға болып қалыптасуында әрқашанда көмекке дайын болуы керек. Және әрқашан білім алушы бағалауда әділдікпен әдептілікті қатар алуы қажет.

Білім беру процесінде тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

2. Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі әдіскер: Ж.Бердалиева
Педагогикалық әдеп-педагог әрбір нақты жағдайда балаларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне педагогикалық жолд табу деп теанақытама беруге болады.

Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. «Педагогикалық әдебі нашар» қайырымдылығы нашар, сыпайлығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі-аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қара дүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір педагог балалармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда педагогтардың бірсыпырасының балаларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағылталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі т.б жақсы болмасада әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте педагогикалық әдеп бола алмайы. Педагог балаларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сақ әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тәртіпсіздік үстемдік етеді, балалар тапсырмаларды орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды, шынтуайына келгенде оны сыйламайды. Мұндай педагогты әдептілігі жоқ деп кіналауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оының тактикасы жетілмеген. Тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастырумен жүйелік мөлшері жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогикалық мінез ерекшелігі ретінде әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика тыңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

3. Үшінші сұрақ бойынша кеңес төрайымы тәрбиеші: К.Даулетбаева

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті тұлғаның қалыптасуына берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әжістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ған емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тіліне байланысты екендігі даусыз.

«Мұғалімге керегі тек білім емесғана емес, сондай ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бір ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік»-деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлек мәдениетін игеру-болашақ педагог мамандардың кәсіби құзіреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жаусауға қол жеткізетін тілдік құралдары тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту-болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Егер педагог өзі оқытатын және тірбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған балалар қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді.

Қаулы:

1. Жеке фотосуреттерімен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Педагогтың педагогикалық әдебін сақтауда педагогтың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық шара өткізілсін.
3. Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілді.

Төрайымы:



А.Таженова

Хатшысы :



С.Турусова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: қаңтар айы 2026жыл

Балабақша меңгерушісі: А.Таженова

Күн тәртібінде:

1. Педагогтардың құқықтары.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.
3. Мекемедегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

Тыңдалды: 1. Бірінші сұрақ бойынша кеңес төрайымы А.Таженова

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы № 645 қаулысы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заңының педагог құқықтары бойынша айтылған тармақтарын атап өтті.

7 бап: Педагогтың кәсіби қызметтегі құқықтары 1) Білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдерімен нысандарын еркін тандауға;

2) Лауазымды және басқа да адамдардың оның құқықтары мен заңды мүдделерінің араласуынан қорғауға, бұзылуына әкеп соғатын кәсіби қызметіне.

3) Өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4) Кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және қажетті жағдайлар жасауға;

5) Педагогикалық ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге, шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламаларын әзірлеуге қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірген әдістерін дамытуға және таратуға;

6) оқу құралдарын, материалдары және білім беру бағдарламасын сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің де құралдарын таңдауға;

7) Білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінен өзгеде құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

8) Жұмыс орны бойынша сайлануға және сайланбалы лауазымды атқаруға;

9) Білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

10)білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының, әдістемелік бірлестіктері мен кеңестерінің, өзін-елі басқару органдарының жұмысына қатысуға

11)бес жылда кемінде біррет біліктілігін арттыруға;

12)Үздіксіз кәсіби дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

13)жоғары және немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарын қоспағанда, мерзімінен бұрын біліктілік санатын алуға;

14)қызметті сапалы жүзеге асыруға қажетті білім беру қызметін қамтамасыз етудің материалдық-техникалық құралдарына қол жеткізуге;

15)Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандарда және тәртіппен қоғамдық кәсіптік ұйымдарға бірігуге;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

17) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдерінің тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне;

18)Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

8 бап.Педагогтың материалдық қамтамасыз етуге құқылы.

9 бап. Педагогтың көтермелеуге құқығы.

2.Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші К.Бердалиева : Педагог тек мұғалім, тренер, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар халық ағартушысы, мәдени құндылықтардың сақтаушысы, лайықты білімді адам. Педагог қоғамдастықтан барлық салаларында өзара әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына үлес қосуға тырысады. Педагог жеке өмірде аз ғана емес, қоғамдық өмірде де жанжалдан, керісуден аулақ болады. Ол проблемаларды келіспеушіліктерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын және оларды шешудің жолдарын түсінеді және орындайды.

3.Үшінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі: Әдәскер: Ж.Бердалиева сөз алды.

Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына осы Ережеге басқада да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асады. Және объективтілік пен әділеттілік, этика қоғамдық пікір мен ашықтық ескерілуі қажет. Жеке және заңды тұлғалар педагогтардың педагогикалық этиканы сақтауына қатысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру кезінде педагогтың құқықтары қарастырып отырады.

Қаулы:

1. Берілген ақпаратты ескер отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары қатаң сақталсын.
3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша т түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы:  А.Таженова

Хатшысы :  - С.Турусова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: мамыр айы 2026жыл

Балабақша меңгерушісі: А.Таженова

Күн тәртібінде:

1. «Педагог бейнесі»
2. «Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары»
3. «Педагогтың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары»

Тыңдалды: Баяндама

Кеңес төрайымы : меңгеруші: А.Таженова педагог үшін қоршаған әлеммен тиімді өзара тиімді қарым-қатынас өте маңызды, сондықтан оның имиджі оның шешуші бөлігі болып табылады:

-жоғары өзін-өзі бағалау, өзіне деген сенімділік;

-өзінің ізгі ниетіне сену және мейірімді адамға сену;

-әлеуметтік және жеке жауапкершілік;

-өзгеруге деген ұмтылыс және өзін-өзі сақтаудың салауатты сезімімен тәуекелге бара білу. Мұғалімнің имиджі туралы әр түрлі әңгімелерді ол ұқыпсыз болуға шақыру ретінде сақтықпен қабылдайды. Имиджді қалыптастыру процесі мұғалімнің өзіне де, оқушының жеке ерекшеліктеріне де, оның жынысына, жасына, сондай-ақ тәжірибесіне, біліміне, ұлтына және басқа факторларға байланысты. Тағы бір жағы бар — мұғалім өзінің имиджін қалыптастырумен айналысады, ол тек жақсы көрініп қана қоймайды, сонымен қатар өзін жақсы сезінеді, өзіне сенімді болады, нәтижесінде табысты жұмыс істейді. Және, әрине, олар тек киімімен ғана емес, сонымен қатар ұстау мәнерімен, қарым-қатынас жасау, сабақ өткізу, басқа да іс-шараларды өткізу қабілетімен бағаланады. "Образ" ұғымы қарым-қатынас жасау қабілетін, сөйлеу өнерін және өзін-өзі көрсете білуді, қызығушылықты, тыңдаушылардың назарын аударуды қамтиды. Қазір педагогикалық университеттерде қарым-қатынас мәдениеті, этика мәдениеті оқытылады, бірақ мұның бәріне қарапайым әдістердің көмегімен қол жеткізуге болады: күлімде (бірақ есіңізде болсын: жалған күлкіні шын

жүректен өте жақсы актер ғана бере алады, сондықтан күлімсіреу шын жүректен шығуы керек). Күлімсіреу адамды "ашқандай", оны мейірімді етеді; әр түрлі жағдайларға әзілмен қарауға тырысыңыз және өзіңізге күле біліңіз; табиғи болыңыз; мақтау сөздер айт; этикет ережелерімен танысыңыз және оларды ұстаныңыз; өзін-өзі бағалау бойынша жұмыс;

Мұғалімнің жеке басына деген қызығушылық болмаса, пәнге деген қызығушылық болмайды. Бұл даусыз. Мұғалімнің жеке басына деген қызығушылық — пәнге деген қызығушылықты арттыру құралы. Мұғалімнің бейнесі шабыттандыруы керек. Мұғалім қаншалықты кәсіби дайындықтан өтсе де, ол өзінің жеке қасиеттерін үнемі жетілдіріп отыруға, сол арқылы өзінің имиджін қалыптастыруға міндетті.

2.Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі әдіскер: Ж.Бердалиева

Негізгі мақсат – мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуіндегі борыш, жауапкершілік, кәсіби намыс сияқты қажеттіліктерді анықтау, дамыту. Өзін-өзі тәрбиелеу, бақылау. Жан-жақты болуын қалыптастыру. Жаңа технологияларды қолдану игеру.

Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі кез-келген әрекет сияқты мотивтер мен белсенділіктің күрделі жүйесіне ие. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуінің қорғаушы күші өздігінен даму қажеттілігі. Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу негізінде, педагог әрекетіндей сияқты, мақсат пен мотив арасындағы қарама-қайшылық жатыр. Мотивтің мақсатқа жылжуын қамтамасыз ету – өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі болып табылады. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеудегі мұндай қажеттілік белсенділікпен анықталады: борыш, жауапкершілік кәсіби намыс т.б.

Педагогтың өзін-өзі бағалауын қалыптастыру тәсілі – өз нәтижесін жеке тұлғамен, педагог іс-әрекетінің нәтижесімен салыстырады. Кәсіби идеалды қалыптастырудың қарапайым тәсілі арнайы әдебиет оқу, көрнекті педагогтардың өмірі мен шығармашылығымен танысу. Мұғалімнің дұрыс қалыптасқан идеалы – оның өзін-өзі тәрбиелеу жағдайларының тиімділігі. Өзін-өзі тәрбиелеу процесінің сыртқы факторлары:

-Педагогикалық ұжым.

-Мектепті басқару стилі:

- бос уақыт.

Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі тануына психология көмектеседі. Ол үшін әр түрлі әдістемелер бар. Кәсіби өзін-өзі тануы керек, эмоционалды, темперамент, мінез, танымдық процестерінің ерекшеліктерін, қабылдау, ес, қиял, ойлау, сөйлеу, зейін ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі тану,өздігінен білім алу, Өзін – өзі тәрбиелеу, міндеттер, Жолдар мен құралдар. Өз-өзіне әсер беру құралдары мен тәсілдері әр түрлі. Жеке бас ерекшеліктерін және нақты жағдайларды ескере отырып әр адам оларды таңдай алады. Өзін өзі тәрбиелеу құралдарына өзінің психологиялық жағдайын басқару, яғни өзін-өзі реттеу құралдары жатады.

Өзін-өзі тану жолы негізінде көптеген ізденістерді талап етеді. Педагог әрқашан өзін тануға, шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденуге құштар болуы керек. Сонда ғана мықты, креативті, талғампаз, мәдени этикалық нормаларды сақтап, білім бере алатын нағыз маман шығады. Өзін-өзі тану процесі бұл жалпы үздіксіз процес болып табылады.

3.Үшінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші: К.Даулетбаева сөз алды.

«Педагогтың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары» бұл жалпы әрбір жеке тұлғаның яғни тек педагогтың ғана емес жалпы адамдардың әлеуметтік желілерде мәдениетті болуы, көңілге қонымды дүниелерді салып өзінің шығармашылығымен бөлісетін орын. Сол себепті педагог әлеуметтік желіде тек қана мәдени этикалық нормаларды сақтай отырып өзінің шебер кәсіби маман екендігінде көрсете алатын жер.

Әлеуметтік желідегі этикалық талаптарға тоқталсақ:

- Мәдениетті болу;
- Адамдардың жеке шекарасына нұқсан келтірмейтін дүниелер жасау;
- Қазақи құндылықтарды сақтау, оларды құрметтеу, т.б.

Педагогтың әлеуметтік желідегі кез келген жарияланған суреттері немесе бейнелері әрқашан мәдени этикалық нормаларды сақтауға көзделген дүниелер болуы керек. Мейлі сіз өз кәсібіңізді көрсету жолында әсірелеттер жасасаңызда ол жерде этикалық нормалар сақталуы қажет. Бұл сіздің өз бейнеңіздің айқын көрінісі табатын, сіздің жауапкершілігі мол мамандықта қызмет етіп жатқандығыңыздың көрінісі болып табылады. Ұстаз-мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялауы тиіс деп ойлаймын. Көшілік алдында шыққанда ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Себебеі біздің мамандық әрқашанда тәртіп пен жауапкершілікті ұстанатын мамандық.

Қаулы:

1. Балабақша қабырғасында «Педагог бейнесінің» негізгі талаптары қатаң сақталсын.
2. Өзін-өзі тәрбиелеу жолында педагогтар кәсіби құзіреттіліктерін үздіксіз дамытсын.
3. Әлеуметтік желіде этикалық талаптар қатаң сақталсын.

Төрайымы:  А.Таженова

Хатшысы :  С.Турусова